

Ахметова Гульнур Серикбековнаның 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Туған өлке тарихын түгендеу, келесі ұрпақтың зердесіне қонымды етіп, ақ-қарасын айқындай отырып, аманаттау келелі істің бастауында жүрген бүгінгі буын өкілдерінің міндеті. Әрбір халықтың өткен өмірі, жүрген жолы тарихқа айналады. Кешегі оқиғалар - бүгін тарих болып тіл қатады. Ал көше, қала, жер-су, көші-қон атаулары - кешегі тарихтың ізі.

Кез-келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан Абай облысына қарасты Абай ауданы жер-су атауларын арнайы зерттеудің нысаны етіп алып, этнолингвистикалық аспектіде қарастыру болашақ зерттеулердің алар межесі болмақ. Жалпы Абай өңірі топонимдері мүлдем зерттелмеді деп айтуға болмас, дегенмен жүйелі түрде зерттеу тақырыбына айналған емес.

Бұл зерттеу жұмысында Абай облысының Абай ауданы және оған шекаралас жатқан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округінің жер-су атаулары лингвистикалық тұрғыдан қарастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктеліп, аймақтық топонимикалық жүйе қалыптастыруда этномәдени, тарихи, физика-географиялық факторларға сипаттама беріледі.

Зерттеудің мақсаты – қазақтың ұлы даналары Абай, Шәкәрім, Мұхтар аталарымызды өмірге әкелген киелі топырақ Абай облысына қарасты Абай ауданы және оған шекаралас жатқан Семей қалалық әкімдігіне қарасты Абыралы ауылдық округінің жер-су атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеп, ономастикалық кеңістігін қалыптастыру. Бұл зерттеуді жүзеге асыруда төмендегі **міндеттерді** алға қойып отырмыз:

1. Абай ауданы бойынша ауылдық округтеріне қарасты жер, су, өзен, көл, бұлақ, қыстау, жайлау, күзеу, төбе, шоқы, сай және т.б. географиялық нысан атауларын анықтап жинақтау және топтастыру;

2. Семей қаласының Абыралы ауылдық округі бойынша елді мекен, көші-қон, жайлау, күзеу, қыстау, өзен, су, бұлақ, т.б. топонимдік бірліктерді жинақтап топтастыру;

3. Аймақ топонимиясы қалыптасуының тарихи және географиялық негіздерін айқындау;

4. Абай, Абыралы өңірі топонимиясының қалыптасуындағы этномәдени факторларға сипаттама беру;

5. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты жер-су атауларындағы кеңес заманы идеологиясының көріністерін анықтау;

6. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты топонимдерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру;

7. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық сипатын ажырату.

Зерттеудің әдістері. Диссертациялық жұмысты жазу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, аналитикалық-интерпретативті талдау, функционалдық-жүйелілік, компаративті сараптау, сипаттау әдістері қолданылды.

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Бұл зерттеу жұмысы Абай облысының Абай, Абыралы өңірлерінің топонимикалық жүйесін лексика-семантикалық, сөзжасамдық-құрылымдық, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі. Кешенді зерттеу барысында төмендегі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

1. Өңір топонимдерінің жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйе ретінде алғаш рет арнайы зерттелініп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылды;

2. Ғылыми жұмысты жазуға тілдік дерек топтастыру барысында 1500-ге жуық жер-су атаулары топтастырылып, тілдік тұрғыдан талданды;

3. Абай ауданы және Абыралы өңірінің жер-су атаулары алғаш рет топтастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелді;

4. Абай ауданы және Абыралы өңірінің жер-су атауларының алғаш рет сөзжасамдық тұрғыдан құрылымдық сипаты анықталды;

5. Абай және Абыралы өңірінің физика-географиялық жағдайларының топонимиялық жүйеде бейнеленуінің ерекшеліктері анықталды;

6. Абай және Абыралы топонимикалық жүйесіндегі этномәдени факторлардың рөлі айқындалды және оларға сипаттама берілді;

7. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты топонимдерді тілдегі байырғы, көне, орта ғасыр және жаңа дәуірлердегі үлгілерімен тарихи және лингвистикалық тұрғыдан салыстыру арқылы тарихи және географиялық негіздері айқындалды;

8. Абай және Абыралы өңірлеріне қарасты жер-су атауларындағы кеңес заманы идеологиясының көріністері айқындалды;

9. Абай және Абыралы өңірлерінен алғаш рет жинақталған тілдік материал аталған өңірлердің топонимикалық сөздігін жасауға негіз болды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі. Зерттеу Абай облысының Абай ауданы және Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округінің жер-су атауларын лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеуге арналғаны белгілі. Болашақта бұндай зерттеу

Абай облысының басқа аудандарының топонимикалық жүйесін зерделеуге, сондай-ақ, бүкіл облыс көлемінде кешенді зерттеу жүргізіп, Абай облысының топонимикалық жүйесін қалыптастыруға арқау болады деп санаймыз.

1. Абай ауданы мен Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округы бойынша қарасты жер, су, өзен, көл, бұлақ, қыстау, жайлау, күзеу, төбе, шоқы, сай, ау және т.б. географиялық нысан атауларының жалпы саны 1500-ге жуық атау жинақталып, өңірдің топонимдік сөздігі қалыптастырылды.

2. Абай ауданы мен Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округы, яғни Семей өңірінің топонимдерінің жиынтығы алғаш рет лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттелініп, өңірдің топонимикалық жүйесі қалыптастырылды.

3. Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округіне қарасты топонимдерді тілдегі байырғы, көне, орта ғасыр және жаңа дәуірлердегі үлгілерімен тарихи және лингвистикалық тұрғыдан салыстыру арқылы тарихи және географиялық негіздері айқындалды.

4. Абай және Абыралы топонимикалық жүйесіндегі этномәдени факторлар айқындалып, сипаттама жасалды.

5. Абай ауданы мен Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округы, яғни Семей өңірінің топонимдер жүйесі алғаш рет лингвистикалық тұрғыдан арнайы топтастырылып, лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырылды.

6. Абай ауданы мен Семей қаласына қарасты Абыралы ауылдық округы, яғни Семей өңірінің топонимдер жүйесінің сөзжасамдық-құрылымдық ерекшелігі қарастырылды.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс тіл білімінің даму бағыттарына сәйкес келеді және диссертациялық жұмысы аясында алынған нәтижелер бүгінгі тілтанымдағы, қазақ тілі білімінің топонимжасау жүйесіндегі өзекті мәселелерді қарастыруда негіз болады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдерінде, атап айтқанда, алғашқы библиографиялық материал жинау, оларды іріктеу және талдау, тілдік материал ретінде әртүрлі карталарда орын алған географиялық нысан атауларын саралау, өңірдің тарихшы, өлкетанушылары мен шежірешілерінің еңбектерінен терілген жер-су аттары бойынша жинақталған материалдар жарияланымдар дайындаудан көрінеді.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін баспа жұмыстарында жарияланды: оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми конференция жинағында 3 және аймақтық ғылыми конференция материалдарында 1 мақала жарияланды.